



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2023 жылғы 2 маусымдағы № ДС-221***Құрметті депутаттар!**

Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін бөлуге қатысты сіздердің сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру аясында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (*бұдан әрі – ИКИ*) құрылысына республикалық бюджеттен 104,8 млрд теңге бөлінді, оның 46,3 млрд теңгесі 35,1 мыңнан астам жер учаскесіне ИКИ қамтамасыз етуге бағытталған.

Түркістан облысында жаппай тұрғын үй құрылысы аудандарында ИКИ жүргізуге 14,4 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 10,5 мыңнан астам жер учаскесін қамтамасыз етуге 8,9 млрд теңге бөлінді.

Анықтама: 2023 жылы ауылдарда ИКИ (су, электр, газ) құрылысы үшін Түлкібас ауданының Т. Рысқұлов, Жаскешу, Иірсу, Шақпақ ауылдарында 805 жер учаскесіне 607,8 млн теңге бөлінді, Төлеби ауданының Леңгір қаласында, Зертас, Қайнар ауылдарында 1365 жер учаскесіне 316,7 млн теңге бөлінді, Сайрам ауданының Қарасу ауылында 1090 жер учаскесіне 964,8 млн теңге бөлінді, Кентау қаласындағы оңтүстік-батыс шағын ауданында 566 жер теліміне 1,6 млрд теңге бөлінді.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың 5 сәуірінде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 221-VII ҚРЗ Заңына қол қойды, онда жер заңнамасын жетілдіру және жер учаскелерін беру тәртібінің рәсімін жеңілдету, көрсетілетін қызметті алушылардың көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылын барынша азайту, жер қатынастары саласында қызмет көрсетуді цифрландыру, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту көзделеді.

Ә. Смайылов